

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Бурабай ауданы «Қатаркөл ауылы, ауылшаруашылық колледжі» МКҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

Қатаркөл а.

2023 жылғы 14 шілде

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Бурабай ауданы «Қатаркөл ауылы, ауылшаруашылық колледжі» МКҚК директоры м.а. Л.Г.Домбровскаяның 2023 жылғы 25 мамырдағы Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Бурабай ауданы «Қатаркөл ауылы, ауылшаруашылық колледжі» МКҚК қызметінде «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу туралы» №79-Ө бұйрығы негізінде

Талдауға алынатын қызмет мерзімі 2022 жылдың 01 маусымынан 2023 жылдың 01 маусымы аралығы.

Талдау өткізу уақыты – 2023 жылдың 1 маусымынан 6 маусымына дейін 4 жұмыс күні.

2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі" Заңның және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларының негізінде мына салаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау бойынша жұмыс жүргізілді: мемлекеттік қызметтер, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет, тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу.

1. Мемлекеттік қызмет көрсету

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Бурабай ауданы «Қатаркөл ауылы, ауылшаруашылық колледжі» МКҚК әрі қарай мәтін бойынша «колледж» 8 мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Колледждегі мемлекеттік қызмет көрсетулерге талдау жүргізу барысында 2022 жылдың 01 маусымынан 2023 жылдың 01 маусымы аралығында колледж келесі мемлекеттік қызметтерді төмендегі мөлшерде көрсетті:

Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне, қамқорлық астында немесе патронатта болған тұлғаларға тегін тамақтануды ұсынуда колледж 19 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Білім беру орындарында білім алушыларға академиялық демалыстарды беру колледж 1 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхананы ұсыну колледж 56 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Техникалық және кәсіптік білім беру туралы құжат көшірмелерін беру колледж 5 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау колледж 105 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Техникалық және кәсіптік білім беруді, орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру колледж 7 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырып жатқан білім беру ұйымдарына білім алушыларды ауыстыру мен қайта қабылдау колледж 3 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларына біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау колледж 0 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Колледжде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғалар: колледж директорының м.а. Л.Г.Домбровская, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.а.З.М.Серікбаев.

"Білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру және қалпына келтіру" мемлекеттік қызметінде 1 сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды, яғни "ауыстыру" қойындысы жоқ, тек қалпына келтіру ғана бар, сол арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Ұсынымдар көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының тікелей байланысын болдырмау үшін жүйелерді интеграциялау жөніндегі мемлекеттік корпорация КЕАҚ хат жазу.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау кезінде компьютерлік техниканы көрсету тәртібі, техникалық сипаттамалары, Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нормативтік-құқықтық базаның сақталуы, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша курстардан өткені туралы сертификаттардың болуы қаралды. Қызмет көрсету негізінен электронды түрде көрсетіледі, бірақ ерекше жағдайларда колледж мемлекеттік қызметтерді қағаз түрінде көрсете алады.

Сондай-ақ, талданатын мерзім аралығында колледж мемлекеттік қызмет көрсетуге 2 себепті бас тарту келді, бұзушылықтар анықталмады.

Жасырын мемлекеттік қызмет көрсетулер анықталмады.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына әкелетін бұзушылықтар анықталмады.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде колледж қатаң түрде Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларын басшылыққа алады.

Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу туралы фактілер анықталмады.

2. Тауарлар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу.

Колледжде мемлекеттік сатып алулар бойынша жұмысты атқару мақсатында менеджер О.Ю.Красноусова жұмыс жасайды, сәйкесінше білімі және біліктілікті арттыру курстарынан өткен, атап айтқанда тауарлар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу. Тауарлар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуға талдау барысында колледжде 2022 жылдың 01 маусымынан 2023 жылдың 01 маусымына дейін келесі мөлшерде келісім-шарт түрлеріне қол қойылғаны анықталды:

- Баға ұсынысын сұрау колледж 11845915 теңге сомасына 82 келісім-шарт жасасты.

- Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы колледж 16927205 теңге сомасына 6 келісім-шарт жасасты.

- Тауар биржасы арқылы колледждің келісім-шарт жасасуы 5067000 теңге сомасына 1 шарт жасасты.

- Бір көзден өткізілмеген сатып-алулар бойынша колледж 5422882 теңге сомасына 48 келісім-шарт жасасты.

Сонымен қатар, колледж талдануға алынған уақытта 2843411.68 теңге сомасына шекті келісім арқылы байқаудың екінші кезеңінде 3 келісім-шарт жасасты.

Жасалған шарттарға талдау жүргізу барысында шарттар бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзушылықсыз орындалғаны, шарттар бойынша шот-фактуралар бұзушылықсыз бар екендігі анықталды.

Талдау жүргізу кезінде мемлекеттік сатып алуда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына әкелетін жағдайлар анықталған жоқ, жауапты тұлғалар Мемлекеттік сатып алу туралы заңды және Мемлекеттік сатып алуды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді қатаң басшылыққа алады. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша шарттар жасасу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілері анықталған жоқ.

3. Колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіне талдау

Колледждің басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауды талдау барысында, кадрлардың ауысуына қатысты колледждің ішкі бұйрықтарының заңдылыққа сәйкестігін комиссиялық тексеруден өткізді. Талдануға алынған уақыт ішінде колледжге 38 адам жұмысқа қабылданғаны анықталды. Жеке еңбек шарттарын жасасу кезінде бұзушылықтар анықталған жоқ, сондай-ақ осы кезеңде колледж Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49-бабы 5-тармағының негізінде 31 еңбек шартын бұзды, еңбек заңнамасын бұзушылықтар анықталған жоқ. Жұмысшыларды жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару кезінде электронды еңбек биржасы жүйесі пайдаланды.

Сондай-ақ, жұмыс тобы жұмыс берушінің талдауға алынған кезеңнің басқа да актілерін, бұйрықтарын, өкімдерін, құжаттаманы есептен шығару актілерін, ішкі

тәртіп ережелерін, колледжішілік бақылау ережелерін, ұжымдық шартты тексерді, Аталған құжаттарды құру кезінде колледж Заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қатаң басшылыққа алады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Колледж басшылығына ұсыныстар: Қазақстан Республикасының Заңнамасын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді әрдайым қатаң сақтау.

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Мусин Ж.М. директордың ОӨ ісі жөніндегі орынбасары _____

2. Серікбаев З.М. директордың ТІ жөніндегі орынбасары _____

3. Свинцицкая В.Н. бас есепші _____

4. Абдрахманова А.А. кадрлар бөлімінің инспекторы _____

5. Бутенко В.В. – заңгер-кеңесші _____

6. Хаиржанов Г.Г. «Налук Grain» ЖШС директорының өнідіріс ісі жөніндегі орынбасары, қамқоршылық кеңестің мүшесі _____

Директордың м.а.



Домбровская Л.Г.